

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНІҢ  
2018 ЖЫЛҒЫ 7 НАУРЫЗДАҒЫ

**ҚАУЛЫСЫ**

1. Ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор  
**А.Т. Құлсариеваның** «Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 2017 жылғы ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері және 2018 жылға даму болашағы туралы» ақпаратын тыңдай отырып, Ғылыми кеңес **ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

| №                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | Тапсырма                                                                                                                                                                                                                                        | Орындаушы                                                                                                                                                                                      | Мерзімі     |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|
| <p style="text-align: center;">Ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор<br/><b>1. А.Т. Құлсариеваның</b> «Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 2017 жылғы ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері және даму болашағы туралы» ақпараты - <i>мақұлдансын және қанағаттанарлық деп есептелсін.</i></p> |                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                |             |
| 2.                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | шетелдік басылымдардағы жарияланымдар мен диссертациялардың сапасын жақсарту мақсатында кіші ғылыми семинарлардың жұмыс тәжірибесі мақұлдансын және жалғастырылсын.                                                                             | Ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор <b>А.Т. Құлсариева</b><br>Ғылым департаментінің директоры <b>С.Қ. Сахиев</b>                                                   |             |
|                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | ғылыми қызметке ынталандыру мақсатында халықаралық беделді басылымдардағы жарияланымдар үшін материалдық қолдау көрсетудің Ережесі даярлансын.                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                | 15.03.2018  |
| 3.                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | ҚР БҒМ 30.09.2011 ж. № 417 бұйрығына сәйкес импакт-факторы бар журналдардағы мақалаларды тіркейтін үйлестірушілердің жұмысын қатаң қадағалап, шетелдік сенім тудырмайтын («жыртқыш») журналдарда жарияланым жасалмауын бақылауға алу жүктелсін. | Институт директорлары<br>Кафедра меңгерушілері                                                                                                                                                 | үнемі       |
| 4.                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | ғаламдық ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелеріне қол жеткізу үшін Elsevier-ден SciVAL бағдарламасын сатып алу мәселесіне ұсыныс дайындау жүктелсін.                                                                                              | Бас бухгалтер <b>Г.О. Абдрасилова</b><br>Ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор <b>А.Т. Құлсариева</b>                                                                | 15.04.2018  |
| 5.                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | 2018 жылдың сәуір айының 2-12 жұлдызы аралағында Ғылым декадасын жоспарлы өткізу жұмыстарын ұйымдастыру жүктелсін.                                                                                                                              | Ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор <b>А.Т. Құлсариева</b><br>Ғылым департаментінің директоры <b>С.Қ. Сахиев</b><br>Институт директорлары<br>Кафедра меңгерушілері | 15. 04.2018 |
|                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | 2018/2019 оқу жылына және 2025 жылға дейінгі кезеңге Ғылыми-инновациялық парктің зертханалары мен орталықтарында білім алушылардың инкубациясы мен акселерациясы бойынша жоспарлар дайындалсын.                                                 |                                                                                                                                                                                                | 15.03.2018  |

**2. Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі проректор *Ф.К. Кенжебаевтың* «Абай атындағы ҚазҰПУ оқу –әдістемелік жұмысы бойынша 2017/2018 оқу жылына есебін» тыңдай отырып, Ғылыми кеңес **ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:****

| <b>1. Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі проректор <i>Ф.К. Кенжебаевтың</i> «Абай атындағы ҚазҰПУ оқу–әдістемелік жұмысы бойынша 2017/2018 оқу жылына есебі» - мақұлдансын және қанағаттанарлық деп есептелсін.</b> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                  |            |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| <b>2.</b>                                                                                                                                                                                                      | 2018/2019 оқу жылына оқу-әдістемелік бөлімнің жұмыс жоспары бекітілсін.                                                                                                                                                                                                                                                                                       | Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі проректор <b>Ф.К. Кенжебаев</b><br>Оқу-әдістемелік бөлім бастығы <b>З.Д. Абдықадырова</b><br>Кафедра меңгерушілері | 15.03.2018 |
| <b>2.1</b>                                                                                                                                                                                                     | жұмыс оқу жоспарларының жоғары білім берудің МЖМББС сәйкес жасалуын қарастыру: 59 п., оқытудың кредиттік технологиялары бойынша оқу үдерісін ұйымдастыруда оқу пәнінің көлемі 3 кредиттен кем болмауы керек, пәнді бағалау 2 кредиттен тұратын жағдай, тек сәйкес бір академиялық кезеңде күндізгі бөлім студенті 18-19 кредитті меңгеруі қамтамасыз етілсін. |                                                                                                                                                  | 15.05.2018 |
| <b>2.2</b>                                                                                                                                                                                                     | барлық мамандықтар бойынша 1-ші курсқа білім бағдарламаларын және барлық білім деңгейі бойынша жұмыс оқу жоспарларын жасап, жұмыс берушілердің пікірлерімен бірге 2018 жылдың мамыр айына Ғылыми Кеңеске бекіту үшін ұсынылсын.                                                                                                                               |                                                                                                                                                  | 15.05.2018 |
| <b>2.3</b>                                                                                                                                                                                                     | МОБ және 4-жылдық жұмыс оқу жоспарын 2017 жылғы шыққан «Университеттің академиялық саясаты» (95-101 бет.) басшылыққа алынуы қадағалансын.                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                  | үнемі      |
| <b>2.4</b>                                                                                                                                                                                                     | модулді білім бағдарламасын құрастырушылардың 4 және 3 жылдық оқу түріндегі білім бағдарламасындағы пәндердің бір семестрге және бір көлемде дайындау жұмыстары ұйымдастырылсын.                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                  | 15.05.2018 |
| <b>2.5</b>                                                                                                                                                                                                     | 17 маусым 2015 жылғы ҚР БҒМ №391 бұйрығының «Біліктілік талаптарын бекіту туралы, білім беру қызметіне қойылатын кәсіби талаптар, құжаттар тізбесін және оларға сәйкестікті растайтын» 41 бабына сәйкес элективті пәндерді кітаппен қамтамасыз ету мониторингі өткізілсін.                                                                                    |                                                                                                                                                  | 15.04.2018 |
| <b>3.</b>                                                                                                                                                                                                      | элективті пәндер бойынша заманауи ғылыми және оқу-әдістемелік әдебиетпен, оның ішінде электронды жеткізгіштердегі кітаптармен қамтамасыз ету мақсатында кітапхана қорын толықтыру жұмыстары ұйымдастырылсын.                                                                                                                                                  | Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі проректор <b>Ф.К. Кенжебаев</b><br>Кітапхана директоры <b>Н.Ж. Имансыдықова</b><br>Кафедра меңгерушілері           | үнемі      |
| <b>4.</b>                                                                                                                                                                                                      | ПОӘК құрастыру барысында (ұсынылатын негізгі                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі проректор <b>Ф.К. Кенжебаев</b>                                                                                    | үнемі      |



|     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                  |            |
|-----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------|------------|
|     | әдебиеттер бөлімінде) ҚР БҒМ 2015 жылдың 17 маусымдағы № 391 бұйрығының 36.-да негізгі оқу әдебиеттерін әлеуметтік-гуманитарлық бағыт бойынша шығарылған соңғы 5 жыл, жаратылыстану пәндері бойынша - соңғы 10 жыл бойынша пайдаланылуы қадағалансын.                                                                                                       | Институт директорлары<br>Кафедра меңгерушілері   |            |
| 4.1 | білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен талқылауға сарапшылар ретінде олардың тұтынушыларын (студенттерді, магистранттарды, докторанттарды) және жұмыс берушілерді қосу жұмыстары ұйымдастырылсын.                                                                                                                                                           |                                                  | үнемі      |
| 4.2 | бакалавриат, магистратура және PhD докторантура мамандықтарына білім бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім берудің сабақтастығы және тұтастығы принципі негізге алынсын.                                                                                                                                                                                    |                                                  | үнемі      |
| 4.3 | жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (ҚР Үкіметінің 13 мамырдағы 2016 жылғы № 292 бекітілген) сәйкес және 2018/2019 оқу жылы түсетіндерге бүкіл оқу кезеңі үшін жасалған білім беру бағдарламасы бойынша элективті пәндер каталогын университеттің Ғылыми-әдістемелік кеңесіне бекітуге ұсынылсын. |                                                  | 1.04.2018  |
| 4.4 | алдыңғы қатарлы шетел мектептерінің тәжірибелерін ескере отырып, жоғары және орта білімге жаңартылған мазмұнда оқулықтар дайындау жұмыстары ұйымдастырылсын.                                                                                                                                                                                                |                                                  | 1.09.2018  |
| 5.  | ПОӘК әзірлеуде сапасына ерекше көңіл бөлу және дайындығы бойынша үнемі ішкі мониторинг жүргізілсін.                                                                                                                                                                                                                                                         | Институттар мен кафедралардың әдістемелік бюросы | үнемі      |
| 5.1 | әдістемелік бюро отырыстарында қызметкерлерінің бір-бірінің сабақтарына қатысу кестесінің орындалуын, кафедраның ОПҚ ашық сабақтарын талдау жұмыстары тұрақты түрде қарастырылсын.                                                                                                                                                                          |                                                  | үнемі      |
| 5.2 | мамандық бойынша элективті курстардың жаңа бағыттары анықталсын және қалыптастыру жұмыстары ұйымдастырылсын.                                                                                                                                                                                                                                                |                                                  | 15.04.2018 |
| 5.3 | жоғары мектепті модернизациялауды жүзеге асыру шеңберінде қашықтықтан оқытудың электронды дәріс кешендері, видео дәрістерді күндізгі оқу түріне де дайындау жұмыстары ұйымдастырылсын.                                                                                                                                                                      |                                                  | үнемі      |

|    |                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                   |            |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| 6. | университетке түсетін колледж түлектерін жалпыға міндетті пәндерді (ООД) пререквизит түрінде тапсыруға рұқсат бере отырып, 2-курсқа қабылдау механизмін дайындау жүктелсін.                                                                                                              | Оқу ісі жөніндегі проректор <b>А.А.Сатмырзаев</b><br>Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі проректор <b>Ғ.К.Кенжебаев</b><br>Кәсіби бағдар беру және білім алушыларды қабылдау орталығының директоры <b>С.К. Шілдебай</b> | 15.04.2018 |
| 7. | теория мен тәжірибе арасындағы алшақтықты қысқарту мақсатында жұмыс берушілердің бірнеше нысандарымен бірлескен қызметін енгізу жұмыстары ұйымдастырылсын;<br>жалпы орта білім беретін мектептерде эксперименттік аландар, кафедралардың филиалдарын құру жұмысын ұйымдастыру жүктелсін. | Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры <b>Х.Н. Жанбеков</b><br>Институт директорлары<br>Кафедра меңгерушілері                                                                                      | 15.04.2018 |
| 8. | 2018 жылдың 1 маусымына дейін 2018/2019 оқу жылына оқу-әдістемелік әдебиеттерді шығару жұмыстарының тақырыптық жоспары бекітілсін.                                                                                                                                                       | Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі проректор <b>Ғ.К. Кенжебаев</b><br>«Ұлағат» баспасының директоры <b>М.Е. Ізбасаров</b>                                                                                              | 1.06.2018  |

3. Комиссия төрағасы, география ғылымдарының докторы, профессор, елтану және туризм кафедрасының меңгерушісі **Б.Ш. Абдиманановтың** «Физика, информатика және білімді ақпараттандыру кафедраларының оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмыстарының жағдайы, даму болашағы туралы» ақпаратын тыңдай отырып, Ғылыми кеңес

**ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                              |            |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| <b>1.</b> Комиссия төрағасы, география ғылымдарының докторы, профессор, елтану және туризм кафедрасының меңгерушісі <b>Б.Ш. Абдиманановтың</b> «Физика, информатика және білімді ақпараттандыру кафедраларының оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмыстарының жағдайы, даму болашағы туралы» анықтамасы - <i>назарға алынсын.</i> |                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                              |            |
| 2.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | ағылшын тілінде білім алатын топ студенттерін іріктеуге арналған критерий әзірлеу жүктелсін.                                                                                      | Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры <b>Х.Н. Жанбеков</b><br>Институт директорлары<br>Кафедра меңгерушілері | 15.04.2018 |
| 2.1                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | ағылшын тілінде білім алатын топқа студенттер мен магистранттарды қабылдауда (оқу, сөйлеу, тыңдау, жазу) тілдік құзіреттіліктерін толық анықтайтын тест тапсырмалары дайындалсын. |                                                                                                                              | 15.04.2018 |
| 2.2                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | әр семестрдің соңында студенттердің ағылшын тілінен кәсіби деңгейін бақылау мақсатында тестілеу жұмыстарын өткізу жұмыстарын ұйымдастыру жүктелсін.                               |                                                                                                                              | үнемі      |
| 3.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | ағылшын тілінде оқытылатын пәндерге өз уақытысында оқу-әдістемелік жабдықтарды дайындау, шығару жұмыстарын қамтамасыз ету жүктелсін.                                              | Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі проректор <b>Ғ.К.Кенжебаев</b><br>Институт директорлары<br>Кафедра меңгерушілері               | үнемі      |
| 3.1                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | қазақ тілінде оқулықтар мен оқу әдістемелік құралдарды кафедраның ОПҚ құрамы дайындап, шығару жұмыстары ұйымдастырылсын.                                                          |                                                                                                                              |            |



|     |                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                 |            |
|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| 4.  | студенттер мен магистранттардың танымдық белсенділігін арттыру мақсатында, заманауи педагогикалық технологияларды пайдалану жүктелсін.      | Институт директорлары<br>Кафедра меңгерушілері                                                                                                                                                                                  | үнемі      |
| 5.  | жақын және алыс шетелдердің оқу және ғылыми мекемелерімен ғылыми байланыстарды кеңейту жұмыстарын ұйымдастыру жүктелсін.                    | Ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор <b>А.Т.Құлсариева</b><br>Ғылым департаментінің бастығы <b>С.К.Сахиев</b>                                                                                        | үнемі      |
| 5.1 | «6D012000-Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша докторантураның ашылуына қажетті құжаттарды дайындау жұмыстары ұйымдастырылсын.                 | Институт директорлары<br>Кафедра меңгерушілері                                                                                                                                                                                  | 15.04.2018 |
| 6.  | ағылшын топтары үшін білікті кадрларды қамтамасыз етуге жағдай жасау жұмыстары ұйымдастырылсын.                                             | Математика, физика және информатика институтының директоры <b>А.С. Бердышев</b><br>Информатика және білімді ақпараттандыру кафедрасының меңгерушісі <b>Е.Ы.Бидайбеков</b><br>Физика кафедрасының меңгерушісі <b>Қ.Б.Тлебаев</b> | үнемі      |
| 6.1 | ағылшын тілінде білім алатын топтарға арналған сағаттарды есептеу кезінде ағылшын тілінде ОПК кәсіби біліктілігі ескерілсін.                |                                                                                                                                                                                                                                 |            |
| 6.2 | штаттағы және қосымша сағатта білім беретін оқытушылардың педагогикалық жүктемесін анықтайтын бірыңғай нормативтің сақталынуы қадағалансын. |                                                                                                                                                                                                                                 |            |

4. Ғылым департаментінің директоры **С.Қ.Сахиевтің 6D010000 - Білім беру (Қазақ тілі мен әдебиеті) Диссертациялық кеңесін құру және құрамын бекіту туралы** ақпаратын тындап және талқылай отырып, Ғылыми кеңес Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңының 40-1 бабын жүзеге асыру мақсатында, Ғылыми кеңес **ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

|     |                                                                                                                                                                                                           |
|-----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 4.1 | Ғылым департаментінің директоры <b>С.Қ.Сахиевтің 6D010000 - Білім беру (Қазақ тілі мен әдебиеті) Диссертациялық кеңесін құру және құрамын бекіту туралы</b> ақпараты – негізге алынсын.                   |
| 4.2 | 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша <b>6D010000 - Білім беру</b> Диссертациялық кеңесінің төрайымы п.ғ.д., профессор <b>Ф.Ш. Оразбаева</b> және 1-ші қосымшаға сәйкес құрамы бекітілсін. |

#### V.Әртүрлі мәселелер

VI. Берілген шешімдердің орындалуын қадағалау бірінші проректор **М. Бектемесовқа** жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы

*Сейсенбаева*



Т. Балықбаев

Ж. Сейсенбаева